**2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысы

РҚАО-ның ескертуі. P031327 қаулысын қараңыз.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 122-қосымша

Ескерту. 122-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.09. N 197м , 2004.12.09. N 1293 қаулыларымен.

215 - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған "Көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1032034 мың теңге (бір миллиард отыз екі миллион отыз төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексінің) 425-бабы ; "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21

қыркүйектегі Заңының 5-бабы ; "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 9-бабы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 3 , 8 , 18, 21-24-баптары ; " Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 28-бабы ; "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңы ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы ; "Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруды жетілдіру жөнінде одан әрі жүргізілетін шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 қыркүйектегі N 4075 Жарлығы ; "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында жолаушылар мен жүктерді, қауіпті жүктерді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдауды лицензиялаудың тәртібі мен шарттары және біліктілік талаптары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 желтоқсандағы N 1621 қаулысы ; "Қазақстан Республикасындағы теңіз және өзен көлігінде жолаушылар мен жүк, қауіпті жүктер тасымалын лицензиялаудың тәртібі мен шарттары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 885 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушыларды және жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдауды лицензиялау туралы тәртіпті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 шілдедегі N 714 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 қыркүйектегі N 1334 қаулысы ; " Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 қарашадағы N 1756 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті мен Көліктік бақылау комитетінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 599 қаулысы ; " Мемлекеттік қызметшілерді оқыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1706 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуін реттейтін кейбір мәселелер" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 қаңтардағы N 62 қаулысы ; "Азаматтық авиация саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 наурыздағы N 291 қаулысы ; "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Жүктелген функциялар мен міндеттерді барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі орталық аппаратының, оның комитеттерінің және олардың аумақтық бөлімшелерінің қызметін қамтамасыз ету, өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби қызмет саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімдерді, дағдылар мен машықтарды жаңарту .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің орталық аппаратын, оның комитеттерін және олардың аумақтық бөлімшелерін ұстау; мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін а р т т ы р у ;

Министрліктің және оның аумақтық органдарының жергілікті-есептеу желілеріне жүйелі-техникалық қызмет көрсету; ұйымдастыру техникасына техникалық қызмет көрсету; мәліметтерді тарату желілеріне рұқсат беру жөніндегі қызметтер көрсетуге абоненттік және жалға алу төлемдерін қамтитын Министрліктің және оның аумақтық органдарының ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін сүйемелдеу;

лицензиялар және өзге де рұқсат құжаттарын беру және лицензиаттардың лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын сақтауына бақылау жасау; әуе кеңістігін пайдалану, әуе қозғалысын ұйымдастыру және азаматтық пен экспериментaлды авиацияның қызметі мәселелерін реттейтін жаңа нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу және қолданыстағы кесімдерді жетілдіру; көліктік бақылау бекеттерін көшіру және техникалық жарақтандыру және салмақ өлшеу жабдықтарын жаңғырту; бақылау-өлшеу салмақ өлшеу жабдығын, арнайы автомобиль көлігін және инспекторлық су кемелерін күтіп ұстау, қызмет көрсету және жөндеу; материалды-техникалық базаны нығайту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 001 | | | Көлік және коммуника. циялар саласын. дағы уәкі. летті орган. ның қызметін қамтамасыз ету |
| 2 | 001 | Орталық органның аппараты | 414 бірлік санында. ғы штат санының лимитіне сәйкес Қазақстан Республи. касы Көлік және коммуникациялар министрлігінің орталық аппаратын және оның комитет. терін ұстау. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Көлік және коммуникация. лар министрлігі, Комитеттер мен олардың аумақтық органдары. Бекітілген қажетті. лік нормативіне сәйкес 14 бірлік санындағы қызметтік автокөлікті күтіп ұстау, жалға алу. Көліктік бақылау комитетінің маман. дарын 1240 жиынтық санындағы қызметтік нысандық киіммен, 320 бірлік санында. ғы кеуде белгілері мен 1240 жиынтық санындағы шеврон. дармен қамтамасыз ету. 400 600 дана санындағы қатаң есептік бланкіле. рін, соның ішінде |

лицензиялар, рұқсат. тар бланкілерін, есептік және өзге де құжаттарды жасау жөніндегі қызметтер көрсетуді сатып алу. Азаматтық авиация үшін әуе кемелері. нің, әуе жолдарының және әуеайлақтардың мемлекеттік тіркелі. мін жүргізу жөнінде. гі құжаттарды дайындау:

1. Пайдаланушы кәсіп. орындарда, жөндеу зауыттарында, оқу-ұшыру ұйымдарында, Қазақстан Республи. касы азаматтық авиациясының ұшыру-сынау бөлімшелерін. де (ұшақтарға және тікұшақтарға техни. калық қызмет көрсету бойынша қолданылып жүрген стандарттарды ескере отырып) авиа. циялық техникаға техникалық қызмет көрсету кезіндегі еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитария жөніндегі ереже.

2. Азаматтық авиация ұйымдарының әуе кәсіпорындарының арнайы көлік қызмет.

тері және автошаруа. шылықтарындағы еңбек қауіпсіздігі және өндірістік санитария жөніндегі ереже.

3. Азаматтық авиация кәсіпорындарының отынмен қамтамасыз ету объектілерінде еңбек қорғау, қауіпсіздік техника. сын және өндірістік санитарияны қамтама. сыз ету ережесі.

4. Азаматтық авиацияның радиотех. никалық ұшу және электр байланысы объектілерін пайда. лану кезіндегі қауіпсіздік техника. сының ережесі.

5. Авиациялық-химия. лық жұмыстарда және арнайы сұйықтықтар. мен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіз. дік техникасы және өндірістік санитария жөніндегі ереже.

6. Азаматтық және экспериментalды авиацияның әуеайлақ. тарын мемлекеттік тіркеу ережесі.

7. Авиациялық оқиғаларды тергеу жөніндегі комиссия. да жұмыс істеушілер

үшін еңбек қорғау жөніндегі үлгілік нұсқаулық.
8. Азаматтық авиация кәсіпорындарында лакті бояу материал. дарымен жұмыс кезінде еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санита. рияны қамтамасыз ету жөніндегі ереже.
9. Азаматтық авиацияда еңбек қорғауды басқару жүйесі туралы ереже. Негізгі ереже.
10. Әуеайлақ жұмыскерлерінің еңбегін қорғау жөніндегі үлгілік нұсқаулық.
11. Әуе кемелерінің ұшу экипаждары үшін еңбек қорғау жөнін. дегі үлгілік нұсқаулық.
12. Қазақстан Республикасы азамат. тық авиациясының ұйымдарында жұмыс. керлер санының үлгілік норматив. тері.
13. Азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығының

нормалары. Авиациялық оқиғалар. ды тергеу үшін арнайы құралдар мен мүлікті сатып алу. Қазақстан Республи. касы Көлік және коммуникациялар министрлігінің деректер беру желі. леріне қол жеткізу жөніндегі қызметтер көрсету үшін абоненттік және жалға алу төлемде. рін қамтитын ақпараттық-теле. коммуникациялық жүйелерді сүйемел. деу, жергілікті-есептеу желісіне жүйелі-техникалық қызмет көрсету, 5 сервер, 400 компью. тер, 250 принтер санындағы компьютер. лік және ұйымдас. тыру техникасына техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізу. Аэроғарыш комитеті. нің 7 (жеті) қызмет. керін Астана қаласы. на көшіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға арналған шығыстарға ақы төлеу: өтемақылық

төлемдер; көліктік қызметтерге ақы төлеу. <*>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | 922 бірлік санында. Жылғы штат санының лимитіне сәйкес Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі комитеттерінің аумақтық органдарын ұстау. Бекітілген қажеттілік нормативіне сәйкес 32 бірлік санындағы қызметтік автокөлікті және саны 78 бірлік арнаулы автокөлікті күтіп ұстау, жалға алу. Жергілікті-есептеу желісіне жүйелі-техникалық қызмет көрсету, 350 компьютер, 283 принтер санындағы компьютерлік және ұйымдастыру техникасына техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізу. Функционалды мүлікті күтіп ұстау (77 бірлік бақылау-өлшеу салмақ өлшеу жабдығын және 18 бірлік инспекторлық су кемелерін күтіп ұстау, профилактика. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | лық және жөндеу жұмыстарын жүргізу, өзге тауарларды (су көлігі үшін ЖЖМ қоса алғанда) сатып алу, кеме экипажы. ның қызметіне, заңды және жеке тұлғалардың қызме. тіне ақы төлеу). Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес көліктік бақылаудың 7 бекетін көшіру мен жаңғырту және 1 бекетті техникалық жарақтандыру. | | |
| 4 | 007 | Мемлекеттік қызметші. лердің біліктілі. гін арттыру | Біліктілікті артты. рудың бекітілген жоспарына сәйкес мемлекеттік қызмет. шілердің біліктілігін арттыру соның ішінде мемлекеттік тілді үйрету жөніндегі қызмет көрсетулерді сатып алу біліктілікті арттыру курстарын өтетін мемлекеттік қызметшілердің орташа жылдық саны 360 адам. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Көлік және коммуни. кациялар министрлігі |
| 5 | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимараттары мен үй-жай. | Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы. ның ғимаратын | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Көлік және коммуни. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ларын күрделі жөндеу | күрделі жөндеу. | | кациялар министрлігі |
| 6 | 009 | Мемлекеттік органдарды материал. дық-техника. лық жарақ. тандыру | Көлік және коммуни. кациялар министр. лігін: 31 компьютер, 24 принтер, 2 бейне-магнитофон, 1 DVD ойнатқыш, 4 сканер, 45 үздіксіз қорек. тендіру блогы, 1 плоттер, 1 сервер, 1 ноутбук, 1 NT-адаптер, 1 кәсіби цифрлы камера 18 ұйымдастыру техни. касы санындағы компьютерлік және ұйымдастыру техникасымен жабдықтау. Бағдар. ламалық қамтамасыз етудің 2 жиынтығын сатып алу. Маңғыстау облысының көліктік бақылау басқармасы үшін ғимарат және Қостанай облысы үшін көліктік бақылау бекетінің ғимаратын сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Көлік және коммуни. кациялар министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне жүктелген функциялар мен міндеттерді сапалы және уақытылы орындау; қазіргі заманғы экономикалық жағдайларға сәйкес кәсіби мемлекеттік қызметтің талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына
123-қосымша

Ескерту. 123-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.13. N 409 , 2004.05.14. N 541 , 2004.06.07. N 197ж , 2004.06.23. N 197К , 2004.10.04. N 197т , 2004.12.09. N 1293 , 2004.12.20. N 1331 қаулыларымен.

215 - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамыту"**
**деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 31609259 мың теңге (отыз бір миллиард алты жүз тоғыз миллион екі жүз елу тоғыз мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму банкінің арасындағы (Жол-көлік саласын қайта құрылымдау жобасы) заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 20 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкі арасындағы "Алматы-Гүлшат" жолының жобасы үшін заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму банкі арасындағы Қарағанды-Астана автожолының соңғы учаскесін (Вишневка мен Астана арасындағы IV секция) қайта құру жөніндегі Истисна' А келісімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 қарашадағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің заем беру ниеті туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 наурыздағы Заңы ; "Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасындағы Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасы бойынша заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 наурыздағы Заңы ", "Қазақстан Республикасы мен Сауд Даму қоры арасындағы, 2001 жылғы 1 карашаға сәйкес келетін, Қыжыраның 1421 жылғы Шабан

айының 5 күні жасалған заем туралы келісімді ("Қарағанды-Астана жолының" жобасы) бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 наурыздағы Заңы ; "2001 жылғы 28 сәуірде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Абу-Даби Даму қорының арасындағы Қарағанды-Астана жолының құрылысын қаржыландыруға арналған заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 64-бабы ; "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 17-бабы ; "Қазақстан Республикасы мен Европа Қайта Құру және Даму банкі арасындағы дамыту жобасы бойынша заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 31 қаңтардағы Заңы ; " Қазақстан Республикасы мен Азия Даму банкі арасындағы Заем туралы келісімді ( қарапайым операциялар) (аймақтық маңызы бар Алматы-Бішкек жолын қайта құру жобасы) (Қазақстандық құрауыш) бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 31 қаңтардағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қарашадағы N 730 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: көлік инфрақұрылымын дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: республикалық маңызы бар автожолдарды салу, қалпына келтіру, қайта жаңарту және мемлекеттік сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | | Республика. лық деңгейде автомобиль жолдарын дамыту | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | 004 Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі тізбе бойынша және сомалар шегінде республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру: Автомобиль жолдарын 9 891 414 мың теңге сомасына дамыту, соның ішінде: 1. Батыс Қазақстанда жол желісін қайта жаңарту - 4 573 660 мың теңге (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 30.06. 2003 ж. N 257-ПИР, 27.06.2003 ж. N 262-ПИР бұйрықтары): құрылысты қадағалау; егжей-тегжейлі жобаға және мердігерлермен келісім-шарттарға сәйкес Батыс Қазақстанның автожолдарын қайта құру. 2. Алматы-Астана |

автожолын қалпына келтіру - 1 405 122 мың теңге: 2.1. Алматы-Гүлшат және Ақшатау-Қарағанды учаскеле. рінде Алматы-Қара. ғанды-Астана-Бурабай автожолын қалпына келтіру - 316 175 мың теңге; құрылысты қадаға. лау; егжей-тегжейлі жобаға және мерді. герлермен келісім-шарттарға сәйкес Алматы-Қарағанды-Астана-Бурабай автожолын Алматы-Гүлшат және Ақшатау-Қарағанды учаскелерінде қайта жаңарту. 2.2. Қарағанды-Астана автожолын: 2.2.1. Осакаровка - Вишневка учаске. сінде қайта құру - 298 588 мың теңге: құрылысты қадағалау; егжей -тегжейлі жобаға және мердігерлермен келісім-шарттарға сәйкес Қарағанды-Астана автожолын Осакаровка-Вишневка учаскесінде қайта

жаңарту; тұрақты электр жарығын орнату және Қарағанды - Астана жолын жайғастыру (Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитетінің 2004 жылғы 7 шілдедегі N 85 және 86 бұйрықтары). <*>

2.2.2. Вишневка - Астана учаскесі - 475 589 мың теңге; негізгі жабдықтарды сатып алу; егжей-тегжейлі жобаға және мердігерлермен келісім шарттарға сәйкес Қарағанды-Астана автожолын Вишневка - Астана учаскесінде қайта жаңарту.

2.2.3. Қарағанды-Осакаровка учаскесі - 314 770 мың теңге: егжей-тегжейлі жобаға және мердігерлермен келісім-шарттарға сәйкес Қарағанды-Астана автожолын Қарағанды -Осакаровка учаскесінде қайта жаңарту.

3. Автожол сапасын дамыту жобасы (Алматы - Бішкек) - 3 691 905 мың теңге (Қазақстан Республи. касының Индустрия және сауда министр. лігі Құрылыс істері жөніндегі комитеті. нің 25.09.2003 ж. N 372-ПИР, 18.09.2003 ж. N 361-ПИР бұйрықтары), оның ішінде мына учаскелерде:
3.1. Алматы-Ұзынағаш - 2 480 314 мың теңге: консалтинг. тік қызметтер көрсету; егжей-тег. жейлі жобаға және мердігерлермен келісім-шарттарға сәйкес Алматы-Георгиевка автожо. лын Алматы-Ұзынағаш учаскесінде қайта жаңарту.
3.2. Ұзынағаш - Георгиевка - 2 480 314 мың теңге: құрылысты қадағалау; жабдықтарды сатып алу; егжей-тегжейлі жобаға және мерді. герлермен келісім-шарттарға сәйкес Алматы-Георгиевка автожолын Ұзынағаш

-Георгиевка учаске.
сінде қайта
жаңарту.
4. Ақтау - Атырау
автожолын қайта
жаңарту - 220 727
мың теңге: құрылысты
қадағалау;
Европаның Қайта
жаңарту және Даму
Банкіне бір жолғы
комиссиясы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 005 | Ішкі көздер есебінен жобаны іске асыру | Қазақстан Республи. касы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Көлік және коммуни. кациялар министрлігі |

тізбе бойынша және
сомалар шегінде
республикалық
деңгейде автомобиль
жолдарын дамытуға
бағытталған инвес.
тициялық жобаларды
іске асыру:
1. Автожолдарды
салу және қайта
жаңарту - 308,24 км
10 306 389 мың
теңге сомасына,
соның ішінде:
Риддер қаласы -
Алтай Республикасы.
ның шекарасы - 16
км 373 640 мың
теңге сомасына
(Қазақстан Республи.
касының Индустрия

және сауда министр.
лігі Құрылыс істері
жөніндегі комитеті.
нің 2002 жылғы 26
маусымдағы N 148
бұйрығы); Қарағанды
қаласы арқылы
өтетін учаске -
18,1 км 661 694 мың
теңге сомасына
(Қазақстан Республи.
касының Индустрия
және сауда министр.
лігі Құрылыс істері
жөніндегі комитеті.
нің 2002 жылғы 5
ақпандағы N 51 ПИР
бұйрығы); Самара -
Шымкент автожолын.
дағы Қарабұтақ -
Ырғыз - Қызылорда
облысының шекарасы
- 33 км 860 839
мың теңге сомасына
(Қазақстан Республи.
касының Индустрия
және сауда министр.
лігі Құрылыс істері
жөніндегі комитеті.
нің 2002 жылғы 22
қарашадағы N 363-ПИР
бұйрығы, 2002 жылғы
12 маусымдағы N 230-
ПИР бұйрығы);
Астана - Қостанай -
Челябі - 218 км
5 564 897 мың теңге
сомасына (Қазақстан
Республикасының

Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің N 247-ПИР 25.06.03, N 273-ПИР 07.07.2003 ж., N 274-ПИР 07.07.2003 ж., N 344 02.09.2003 ж., N 345 02.09.2003 ж., N 290-ПИР 16.07. 2003 ж. бұйрығы); Ресей Федерациясының шекарасы - Орал - Ақтөбе - 2 106 298 мың теңге жол-құрылыс материалдарын сатып алу; Бейнеу - Ақжігіт - Өзбекстан шекарасы - 9,24 км 383 378 мың теңге сомасына (Қазақстан Республи. касының Индустрия және сауда министр. лігі Құрылыс істері жөніндегі комитеті. нің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 263-ПИР бұйрығы); Рудный қаласының Батыс айналма жолы - 6,9 км 220 376 мың теңге сомасына Қызыләскер-Киров автожолы бойынша ПК 254+90 көпір өткеліндегі су тасқынынан бұзылуды қалпына келтіру - 84357 мың теңге (Қазақстан Республикасының Көлік

және коммуникациялар министрлігі Автомобиль жолдары және инфрақұры-лымдық кешен құрылысы комитетінің 2004 жылғы 30 қаңтардағы N 14 бұйрығы). Үшарал - Достық - 7 км автожолын 46910 мың теңге сомасына қайта жаңарту. Құрылысты авторлық және техникалық қадағалау, технологиялық қамта. масыз ету, конкурстық құжаттаманы мемле. кеттік сараптауға, көпірді сынауға арналған шығындар. Республикалық маңызы бар автожолдарды салу, қайта жаңарту және жобалау-іздес. тіру жұмыстары. Белгіленген тәртіп. пен мемлекеттік сараптамадан және бекітуден өткен жобалық-сметалық құжаттама мен шарт. тарға сәйкес бар жол жамылғысын, төсеніш қабатын бұзу, ауыл шаруашы. лық өндірушілердің залалдары мен шығын. дарын өтеу, коммуни. кацияларды қайта құру, жер жұмыстары, төсеу қабаты, жол негізін, жасанды

құрылыстарды, асфальт-бетон жамылғысын, жол жиектерін жайғастыру, жолды белгілеу, мән-жайы мен жайғас. тырылуы бойынша жұмыстар, карьерлер мен резервтерді қайта өңдеу, су тас-қынынан бұзылуды қал-пына келтіру жұмыстарын жүргізу. Пайдалануға енгізу.

2. Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын қайта жаңартуға арналған жобалау-іздестіру жұмыстары - 2983 км, 743 935 мың теңге сомасына, соның ішінде:

Самара-Шымкент автожолын Ақтөбе облысының шекарасы - Арал - Қызылорда - Түркістан - Шымкент (учаскесінде қайта жаңарту) - 857 км 184 238 мың теңге сомасына;

Алматы - Георгиевка - Тараз - Шымкент - Өзбекстан шекарасы - 594 км 113 545 мың теңге сомасына;

Астана - Қостанай - Челябі - 309 км

68 569 мың теңге сомасына;
Ресей Федерация. сының шекарасы - Орал - Ақтөбе - 227 км 62 069 мың теңге сомасына;
Омбы - Павлодар - Майқапшағай - 208 км 48 504 мың теңге сомасына;
Алматы - Өскемен - 260 км 44 970 мың теңге сомасына;
Бурабай - Көкшетау - Петропавл - Ресей Федерациясының шекарасы - 305 км 72 040 мың теңге сомасына.
Астана - Бурабай - 223 км 150000 мың теңге сомасына;
Геологиялық және геодезиялық іздесті. рулер, автожолды аспаптық тексеру; автожолды және апаттық учаскелерді қайта жаңартуға арналған жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу; құжаттаманы тарату, мемлекеттік және экологиялық сараптау жүргізу.

4 016 Жобаны республи. калық | Қазақстан Республи. касы Үкіметінің 2003 жылғы 12 | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Көлік

| | | | |
|---|---|---|---|
| бюджеттен бірлесіп қаржылан. | желтоқсандағы N 1260 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес дыру есебі. тізбе бойынша және нен іске сомалар шегінде асырылады республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамытуға бағытталған инвес. тициялық жобаларды іске асыру: Автомобиль жолдарын 10 667 521 мың теңге сомасына дамыту, соның ішінде: 1. Батыс Қазақстан. дағы жол желісін қайта жаңарту - 8 881 990 мың теңге (Қазақстан Республи. касының Индустрия және сауда министр. лігі Құрылыс істері жөніндегі комитеті. нің 2003 жылғы 30 маусымдағы N 257-ЖІЖ, 2003 жылғы 27 маусымдағы N 252-ЖІЖ бұйрықтары): жолдарды қайта жаңартуға байланысты салықтарды төлеу; құрылысты қадағалау. ға байланысты салықтарды төлеу; келісім-шарттың талаптарына сәйкес техникалық аудармашылардың қызметтері. | | және коммуни. кациялар министрлігі |

не ақы төлеу; егжей-тегжейлі жобаға және мердігерлермен келісім-шарттарға сәйкес Батыс Қазақстанның автожол. дарын қайта жаңарту.

2. Алматы-Астана автожолын қалпына келтіру - 379 846 мың теңге, соның ішінде:

2.1. Алматы-Қарағанды -Астана-Бурабай автожолын Алматы - Гүлшат және Ақшатау - Қарағанды учаскеле. рінде қалпына келтіру 114 203 мың теңге: жолдарды қайта жаңартуға байланысты салықтарды төлеу; шарттың талаптарына сәйкес техникалық аудармашылардың қызметтеріне ақы төлеу; егжей-тегжейлі жобаға және мерді. герлермен келісім-шартқа сәйкес Алматы-Карағанды-Астана-Бурабай автожолының Алматы Гүлшат және Ақшатау - Қарағанды учаске. лерін қайта жаңарту.

2.1.2 Алматы-Гүлшат (88 км) - 27 967 мың теңге:

жолдарды қайта жаңартуға байланысты салықтарды төлеу; егжей-тегжейлі жобаға және мерді. герлермен келісім-шартқа сәйкес Алматы-Бурабай автожолын Алматы-Гүлшат (88 км) учаскесінде қайта жаңарту.

2.2. Қарағанды-Астана автожолының мынадай учаскелерінде қалпына келтіру:

2.2.1 Осакаровка - Вишневка - 44 788 мың теңге: құрылысты қадағалауға байланысты салықтарды төлеу; Осакаровка - Вишневка учаскесінде. гі жолдарды қайта жаңартуға байланысты салықтарды төлеу, тұрақты электр жарығын орнатуға және Қарағанды - Астана жолын жайғас-тыруға байланысты са-лықтарды төлеу. <*>

2.2.2 Вишневка-Астана - 75 280 мың теңге: жолдарды қайта жаңартуға байланысты салықтарды төлеу; жабдықты сатып алуға байланысты салықтар. ды төлеу.

2.2.3 Қарағанды-Осакаровка - 117 608 мың теңге: жолдарды қайта жаңартуға байланысты салықтарды төлеу; егжей-тегжейлі жобаға және мердігер. лермен келісім-шартқа сәйкес Қарағанды-Астана автожолының Қараған. ды-Осакаровка учас. кесін қайта жаңарту.

3. Автожол саласын дамыту жобасы (Алматы - Бішкек) - 1 349 812 мың теңге (Қазақстан Республи. касының Индустрия және сауда министр. лігі Құрылыс істері жөніндегі комитеті. нің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі N 373-ЖІЖ, 2003 жылғы 25 қыркүйектегі N 372-ЖІЖ, 2003 жылғы 18 қыркүйектегі N 361-ЖІЖ бұйрықтары), соның ішінде мынадай учаскелерде:

3.1. Алматы - Ұзынағаш - 427 620 мың теңге: консалтингтік қызмет көрсетулерге байла. нысты салықтарды төлеу; жолдарды

қайта жаңартуға байланысты салықтар. ды төлеу; егжей-тегжейлі жобаға және мердігер. лермен келісім-шартқа сәйкес Алматы-Георгиевка автожолының Алматы-Ұзынағаш учаскесін қалпына келтіру.

3.2. Ұзынағаш - Георгиевка - 922 192 мың теңге: консалтингтік қызмет көрсетулерге байла. нысты салықтарды төлеу; жабдықты сатып алуға байланысты салықтар. ды төлеу; жолдарды қайта жаңартуға байланысты салық. тарды төлеу; егжей-тегжейлі жобаға және мердігерлермен келісім-шартқа сәйкес Алматы-Георгиевка автожолы. ның Ұзынағаш-Георгиевка учаскесін қалпына келтіру.

4. Ақтау - Атырау автожолын қайта жаңарту - 55 873 мың теңге: құрылысты қадағалау; құрылысты қадағалау.

мен байланысты салықтарды төлеу.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ішкі қаражаттар есебінен жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес - 308,24 км автожолдар салынады және қайта жаңартылады, су тасқынынан бұзылу зардаптары жойылады және 2983 км республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын қайта жаңартуға арналған жобалау-іздестіру құжаттамасы әзірленеді; келісім-шарттың шарттарына және жобалық сметалық құжаттамаға сәйкес белгіленген мерзімде сыртқы заемдар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру есебінен республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын қайта жаңарту және оңалту. <*>

Бюджеттік бағдарламаны орындау жолдардың техника-пайдаланымдық жай-күйін арттыру, республикалық және халықаралық қатынастағы автомобиль жолдарында көлік құралдарының қауіпсіз және үздіксіз өтуін қамтамасыз ету, сондай-ақ автомобиль жолдарын қалпына келтіру жөніндегі инвестициялық жобалардың жобалық-сметалық құжаттамалардың және техника-экономикалық негіздемелердің мемлекеттік және экологиялық сараптамасын әзірлеу мен жүргізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
124-қосымша

Ескерту. 124-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.29. N 197D , 2004.06.07. N 197ж , 2004.12.09. N 1293 қаулыларымен.

215 - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Республикалық маңызы бар автожолдарды күрделі, орташа және ағымды жөндеу, ұстау, көгалдандыру, диагностика және**
**аспаптық құралдармен тексеру"**
**деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 10421429 мың теңге (он миллиард төрт жүз жиырма бір миллион төрт жүз жиырма тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 17-бабы ; " Қазақстан Республикасының Автожол саласын дамытудың 2001-2005 жылдарға

арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қарашадағы N 730 Жарлығы ; "Жол саласының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 қазандағы N 1527 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп ұстауға арналған қаржыландыру нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 423 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: республикалық маңызы бар автожолдар бойынша көлік құралдарының қауіпсіз және үздіксіз өтуін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: республикалық маңызы бар автожолдарды күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу, көгалдандыру және көп ұстау мен пайдаланымдық қызмет көрсету жөнінде жұмыстарды жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са.ны N | Бағ.дар.лама коды | Кіші бағ.дар.лама коды | Кіші бағдарлама.лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Республика.лық маңызы бар авто.жолдарды күрделі, орташа және ағымды жөндеу, ұстау, көгалдан.дыру, диаг.ностика және аспаптық құралдармен тексеру | Авторлық қадағалау, жер бөлу, жобалық-сметалық құжатта.маны дайындау, мем.лекеттік және экологиялық сарап.тама жүргізу, технологиялық қам.тамасыз ету, техни.калық қадағалау, көпірді сынауға арналған шығындар. I. Жобалық-сметалық құжаттама мен шарттарға сәйкес автожолдар мен | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы.ның Көлік және коммуни.кациялар министрлігі |

жасанды құрылыстар.
ды күрделі жөндеу
жөніндегі жұмыстар.
ды жүргізу - 65 км
және 12 көпірлерді
2006515 мың теңге
сомасына соның
ішінде:
1. Ақмола облысы - Бурабай курорт ай-
мағының автомобиль
жолындағы Щучинск
- Бурабай учаскесін-
дегі Громотуха өзені
арқылы өтетін көпірді
күрделі жөндеу;
1-1. Ақтөбе облысы - Самара - Шымкент авто-
жолының 612 км-дегі
құбырын қалпына келтіру;
2. Алматы облысы - Сарыөзек-Көктал
автожолындағы
көпірлерді күрделі
жөндеу 144,149 км;
Алматы - Шамалған - Ұзынағаш - Прудки - Қырғызстан шекарасы
21-23, 31 км; Алматы
- Космостанция 2-10 км
автожолдарындағы су
тасқынының зардаптарын
жою; Алматы - Көкпек - Шонжы - Көктал - Қорғас
35 км автожолы бойынша
Бесағаш өзені арқылы
өтетін көпір; Алматы
- Өскемен автожолының
213,5 км құбырды қал-

пына келтіру. Сарыөзек - Хоргос автожолындағы 171 км-дегі көпірді қалпына келтіру.
3. Шығыс Қазақстан облысы-Алматы-Өскемен 933-943 км (Жаңғыз-Төбе стансасын айналма) және Өскемен-Шемонайха-Ресей Федерациясының шекарасы 113+250-121+400 км автожолдарын күрделі жөндеу; Қарағанды - Аягөз - Бұғаз автожолының 783 км-дегі құбырын және 788 км-дегі көпірін қалпына келтіру; Омбы - Майқапшағай - Қалжыр - Теректі автожолының 6+900 км-дегі, 15+900 км-дегі көпірлерін қалпына келтіру.
4. Жамбыл облысы-Хоргос-Алматы-Тараз-Шымкент-Ташкент автожолындағы 571 км Теріс өзені арқылы өтетін көпірді күрделі жөндеу;
5. Қостанай облысы - Екатеринбург-Алматы 377-379, 401, 406, 613-615, 492, 497, 499, 504, 505, 510 км автожолдарын күрделі

жөндеу;
5-1. Қызылорда облысы - Самара - Шымкент 1779-1786 км автожолындағы су тасқынының зардаптарын жою;
6. Павлодар облысы-Қызылорда-Павлодар-Успенка- Ресей Федерациясының шекарасы 1215-1232 км автожолын күрделі жөндеу; Қызылорда - Павлодар - Успенка - Ресей Федерациясының шекарасы автожолы бойынша 1382 км Павлодар қаласындағы Ертіс өзені арқылы өтетін көпірді күрделі жөндеу;
7. Солтүстік Қазақстан облысы - Петропавл қаласының айналма жолы 3 км және Жезқазған-Петропавл автожолын. дағы 875 км Есіл өзені арқылы өтетін көпірді күрделі жөндеу.
II. Ақаулық ведомоске, жобалық-сметалық құжаттама мен шарттарға сәйкес орташа жөндеу жөнін. дегі жұмыстарды (соның ішінде төмен жерлерді көтеріп жол жиегін бекіту,

ісінулерді жою және тегістегіш қабатты төсеу) жүргізу жолдардың 1462,9 км және 16/568 дана./ қ.м. көпірлер мен құбырларды жөндеу, 4306136 мың теңге сомасына, соның ішінде:

1. Ақмола облысы- 113 км;

2. Ақтөбе облысы - 61 км;

3. Алматы облысы - 213 км, бұдан өзге көпірлер мен құбыр. ларды жөндеу - 10/395 дана./қ.м.;

4. Атырау облысы - 55 км;

5. Шығыс Қазақстан облысы-147 км және құбырларды орнату;

6. Жамбыл облысы - 129 км, бұдан өзге көпірлер мен құбыр. ларды жөндеу - 2/110 дана./қ.м.;

7. Батыс Қазақстан облысы - 99 км, бұдан өзге құбырларды жөндеу - 4/63 дана. /қ.м.;

8. Қарағанды облысы - 107 км;

9. Қостанай облысы - 94 км;

10. Қызылорда облысы

- 110 км;
11. Маңғыстау облысы - 30 км;
12. Павлодар облысы - 101 км;
13. Солтүстік Қазақстан облысы - 115,9 км;
14. Оңтүстік Қазақстан облысы - 88 км.

III. Ақаулық ведомост пен шарт. тарға сәйкес республикалық маңызы бар автожолдарды ағымдағы жөндеу, күтіп ұстау және көгалдандыру жөнін. дегі жұмыстарды жүргізу - 4 108 778 мың теңге сомасына, соның ішінде:

1) республикалық маңызы бар автожол. дарды (шұңқыр жөндеу - 1018 км, отырулар. ды, шұңқыршыларды, жолтабандарды жою, жолдардың жағдайы - 640км), жол құрылыс. тарын, ғимараттарды, өндірістік базалар. ды, қосалқы құрылыс. тарды ағымдағы жөндеу; жолдарды жарықтандыру; жылдамдықты бақылай. тын автожүйені құру;

Астана қаласының нөл шақырымынан шақырым. ды есептеумен шақы. рымдық белгілерді, ақпараттық тақталар. ды қайта орнату;
2) ақаулық ведомос. ке, сметалық құжат. тама мен шарттарға сәйкес көгалдандыру және орман көшетте. рін күту жөнінде жұмыстар жүргізу - 900 км, мемлекеттік және экологиялық сараптамалар жүргізу арқылы республика. лық маңызы бар автожолдарды, көгалдандыратын көшет егістерін отырғызуға арналған жобалау-іздестіру жұмыстары;
3) ақаулық ведомос. тер мен шарттарға сәйкес, республика. лық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау қысқыны қоса алғанда жасан. ды құрылыстарды, өндірістік базалар. ды, жол зертхана. ларын және қосымша құрылыстар жөнін. дегі жұмыстарды жүргізу, жолдарды жарықтандыру,

жұмылдыру резерв. тері;
4) автомобиль жолдарын басқару, диагностикалау және аспаптық тексеру, өндіріс. тік базалар мен республикалық маңызы бар авто. мобиль жолдарына арналған техника. лық паспорттар мен тұрақты жер пайдалануға мемле. кеттік актілерді ресімдеу;
5) Жеткізу шарттарына сәйкес конкурстық негізде 578 880 мың теңге сомасына жол - пайдалану техника. сын сатып алу, соның ішінде: орта автогрейдер - 42 бірлік, роторлы шөп шапқыш - 60 бірлік, үйлестіріл. ген жинау машинасы - 42 бірлік, жолды күтіп ұстауға арналған әмбебап машина - 15 бірлік, жылжымалы зертхана - 2 бірлік.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: республикалық маңызы бар автожолдарды ағымдағы жөндеу, күтіп ұстау және көгалдандыру, 65 км

және 12 көпірді күрделі жөндеу, 1462,9 км орташа жөндеу және 16/568 дана./қ.м. көпірлер мен құбырларды жөндеу және 161 дана жол-пайдалану техникасын сатып алу.

Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды орындау, жолдардың одан әрі бұзылуын тоқтатуға, республика өңірлерінің арасындағы көлік қатынасының техникалық жағдайын сүйемелдеуге және қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және автокөлік тасымалдарының құнын төмендетуге, қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға әкеліп соқтырады.

Жұмыстар сапасын күрделі, орташа жөндеу бойынша жұмыстарды қабылдау нұсқаулығына және Қазақстан Республикасындағы жалпыға ортақ пайдаланымдағы автомобиль жолдарын пайдалану кезіндегі жұмыстарды жіктеуге сәйкес Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитетінің аумақтық органдары бақылайды. <*>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына
125-қосымша

215 - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған
"Су жолдарының кеме жүретін жағдайда болуын қамтамасыз ету және шлюздерді ұстау"
деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 772797 мың теңге (жеті жүз жетпіс екі миллион жеті жүз тоқсан жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қыркүйектегі Заңының 9-бабы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік ішкі су жолдары туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 желтоқсандағы N 1429 қаулысы ; "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ішкі су жолдарында кеме қатынасының

қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: навигациялық жабдықтар белгілері мен керек-жарақтарды қою және күтіп ұстау арқылы кеме жүрісінің кепілдендірілген көлемдерін қамтамасыз ету, түбін тереңдету (жер қарпу), түзету, түбін тазарту жұмыстарын атқару, кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстарын (шлюздерді) қауіпсіз жай-күйде күтіп ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Су жолдары. ның кеме жүретін жағдайда болуын қамтамасыз ету және шлюздерді ұстау | Павлодар облысы: Ертіс өзенінің ұзақтығы 634 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгі. лерін қою (алып тастау) және олар. ға қызмет көрсету; 1250 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар; түбін тазалау жұмыстары - 5500 т; флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 10 (бірлік); орташа жөндеу 6 (бірлік); жабдықтау керек-жарақтары мен | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Көлік және коммуни. кациялар министрлігі |

мүліктерін жөндеу және жасау.

Шығыс Қазақстан облысы: Шығыс Қазақстан СЖК: Ертіс өзенінің ұзақтығы 796 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгіле. рін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету; Өскемен және Бұқтарма шлюздерін күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу жүргізу; Өскемен және Бұқтарма шлюздері. нің авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру; флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 12 (бірлік); орташа жөндеу 3 (бірлік); жабдықтау керек-жарақтары мен мүлік. терін жөндеу және жасау.

Семей СЖК: Ертіс өзенінің ұзақтығы 218 км учаскелерінде нави.

гациялық жабдықтар белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету; 180 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар; түзету жұмыстары 55 мың текше м.; флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 17 (бірлік); орташа жөндеу 6 (бірлік); жабдықтау керек-жарақтары мен мүлік. терін жөндеу және

жасау.

Батыс Қазақстан облысы: Жайық өзенінің учаскелерінде - 623 км навигациялық жабдықтар белгіле. рін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету; түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар - 120 мың текше м; түбін тазалау жұмыстары - 5200 т; флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 13 (бірлік); орташа жөндеу 2

(бірлік);
жабдықтау керек-жарақтары мен мүліктерін жөндеу және жасау.

Атырау облысы:
Жайық өзенінің учаскелерінде - 333 км навигациялық жабдықтар белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету;
флотты жөндеу:
ағымдағы жөндеу 6 (бірлік);
жабдықтау керек-жарақтары мен мүліктерін жөндеу және жасау.

Алматы облысы:
Іле өзені мен Қапшағай су қойма. сында - 330 км навигациялық жабдық. тар белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету;
флотты жөндеу:
ағымдағы жөндеу 2 (бірлік);
орташа жөндеу 2 (бірлік);
жабдықтау керек-жарақтары мен мүлік. терін жөндеу және жасау.

Қарағанды облысы: Балқаш көлінде - 978 км навигациялық жабдықтар белгіле. рін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету; флотты жөндеу: тиеу-түсіру техни. касын ағымдағы жөндеу 1 (бірлік); жабдықтау керек-жарақтары мен мүліктерін жөндеу

және жасау.

Мемлекеттік техни. калық өзен флотын жаңарту және жаңғырту, соның ішінде: Павлодар облысы: тіркеп сүйрегіш теплоход (1 бірлік); КПЛ 5-30 жүзбелі кран (1 бірлік). Шығыс Қазақстан облысы: Шығыс Қазақстан СЖК: КПЛ 5-30 жүзбелі кран (1 бірлік); жабдықтау теплоходы (1 бірлік). Батыс Қазақстан облысы: тіркеп сүйрегіш теплоход (1 бірлік); баржа (1 бірлік).

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: су жолдарының ұзақтығы 3912 км учаскелерінде навигациялық жабдықтар белгілерін қою (алып тастау) және сандық көрсеткіштер:
оларға қызмет көрсету;
1550 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар;
55 мың текше м. көлемінде түзету жұмыстары;
10700 тонна көлемінде түбін тазалау жұмыстары;
флотты жөндеу: ағымдық 65 бірлік, орташа 19 бірлік;
мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту және жаңғырту, соның ішінде:
1) тіркеп сүйрегіш теплоход - 2 бірлік;
2) КПЛ-5-30 жүзбелі кран - 2 бірлік;
3) жабдықтау теплоход - 1 бірлік;
4) баржа - 1 бірлік;
сапалық көрсеткіштер:
ұзақтығы 3912 км қызмет көрсетілетін учаскелерде кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
гидротехникалық құрылыстарды (Өскемен мен Бұқтырма шлюздері) күтіп ұстауды қамтамасыз ету;
Өскемен мен Бұқтырма шлюздерінің авариясыз жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі жұмыстар.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
126-қосымша

Ескерту. 126-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 197К қаулысымен .

215 - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту"**
**деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 14397941 мың теңге (он төрт миллиард үш жүз тоқсан жеті миллион тоғыз жүз қырық бір мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы мен Жапонияның Халықаралық Экономикалық Ынтымақтастық қоры

арасындағы Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту жобасы бойынша заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 19 мамырдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 64-бабы ; "Астана қаласында халықаралық әуежайды қайта жаңарту" жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 маусымдағы N 611 қаулысы ; "Азаматтық авиация саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 наурыздағы N 291 қаулысы ; "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ-ты 2003-2005 жылдарға арналған дамыту жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 369 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Астана қаласындағы әуежайдың техникалық параметрлерінің халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету , жолаушыларға сапалы және қолайлы қызмет көрсету. Ақтөбе қаласының әуежайында ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін кеңейту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Астана қаласындағы әуежайдың жолаушылар терминалын салу, әуежай инфрақұрылымын құру. Ақтөбе қаласындағы әуежайдың ұшу-қону жолағын қайта жаңарту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Әуе көлігі инфрақұры. лымын дамыту | | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны | Астана қаласындағы халықаралық әуежай. дың құрылысы 9723145 мың теңге | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Көлік және коммуни. |

іске асыру көлемінде: кациялар
CH2M HILL PCI/KKAA министрлігі
Консорциумына
консалтингтік
қызметтер көрсетуі.
не ақы төлеу.
Астана қаласындағы
әуежайдың ғимара.
тын, егжей-тегжей.
лі жобаға және
келісім-шартқа
сәйкес қайта
жаңарту.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | 005 Ішкі көздер есебінен жобаны іске асыру | Қазақстан Республи. касы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына 2-қосымша. ға сай, бекітілген | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы. ның Көлік және коммуни. кациялар министрлігі |

жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес "Ақтөбе қаласындағы әуежайдың ұшу-қону жолағын қайта жаңарту" инвести. циялық жобасын іске асыру. (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитеті. нің жұмыс жобасын бекіту туралы 2003 жылғы 1 шілдедегі N 262 ЖІЖ бұйрығы) мыналар бойынша іс-шараларға:
1. конкурстық құжат.

таманы мемлекеттік сараптау;
2. РЖ-2 қайта жаңарту;
3. Перронды қайта жаңарту;
4. Энергетикалық шаруашылық объекті. лерін:
ТП-1 қайта жаңарту,
ТП-2 қайта жаңарту,
ТП-3 қайта жаңарту,
ТП-2 агрегаты,
электр жабдықтаудың кабельдік желілері,
сыртқы электр жабдықтау;
5. Келесі жылға ҰҚЖ салуға арналған плиталарды дайындау:
ПАГ-18
ПАГ-14;
6. ҰҚЖ дайындық жұмыстары, уақытша ғимараттар мен құрылыстарды салуға байланысты шығындар.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
